



## МҰХАММЕДСАБЫР ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЖОЛДАМАСЫН ИЕЛЕНДІ

Бокстан Бангкок қаласында өтіп жатқан соңғы лицензиялық турнирде бокстан Қазақстан ұлттық құрамасының мүшесі Мұхаммедсабыр Базарбайұлы Париж Олимпиадасының жолдамасын жеңіп алды.

Шешуші аяқаста жерлесіміз (63,5 кг) Молдова өкілі Александр Параскивтен 5:0 есебімен басым түсті. Осылайша, Қазақстан ерлер құрамасы өз тарихында 3-рет толық құрамда Олимпиада жүлдесіне таласады.

Мұхаммедсабыр Базарбайұлы Париж додасына жолдама алу үшін «тар жол, тайғақ кешуден» өтті. Алдымен ҚР Спартакиадасында топ жарды. Одан кейін Италиядағы лицензиялық турнирге қатысып, 1\16 финалда жеңілді. Елімізде кезекті рет осы салмақта іріктеу өткізіліп, 3 қарсыласын жеңді. Ал Тайланд төрінде 6 жекпе-жек өткізді. Кубалық қарсыласына есе жібергенімен қалған 5 қарсыласын жеңді. Үлкен еңбекпен келген жолдама Париж Олимпиадасының жүлдесіне айнала берсін!

**Түркістан.**

## ЕЛІМІЗДЕГІ ЕҢ ІРІ ЖЫЛЫЖАЙ КЕШЕНІ КЕЛЕСТЕ САЛЫНАДЫ



Қазақстан Премьер-Министрі Олжас Бектенов «ЭКО-культура» агроөнеркәсіптік холдингінің президенті Александр Рудаковпен ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Күн тәртібіндегі мәселе — аграрлық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен жобаларды іске асыру, деп хабарлайды Primeminister.kz.

«ЭКО-культура» – 13 жыл бойы тұрақты дамып келе жатқан, жабық топырақта экологиялық таза көкөніс өсіретін ірі агроөнеркәсіптік холдингінің бірі. Бір жыл ішінде өндірген өнім көлемі 300 мың тоннадан асады. 3 кезе-

гінде, Қазақстандағы инвестициялық ахуал мен нақты өндірісті қолдау шаралары ел аумағында экономика үшін маңызды жобаларды іске асыруға ықпал етеді.

Холдинг Түркістан облысы Келес ауданында жылыжай кешенін салып жатыр. Бүгінгі таңда 51 га жер учаскесінде жылыжай ашудың бірінші кезеңі жүзеге асырылуда, онда жылына 28 мың тоннадан астам қызанақ өсірілетін болады.

Кездесуге қатысушылар 500 га жерді қамтитын жылыжай кешенінің аумағын кеңейту жобасын талқылады. Бұл жыл бойы 240 мың тоннадан астам көкөніс өсіруге мүмкіндік береді. Өндірілетін өнім ішкі нарыққа жеткізіледі, сондай-ақ логистикалық және тарату орталықтарының келісілген арналары арқылы шетелге экспортталады.

Жобаның бірінші кезегін келесі жылдың соңына дейін пайдалануға

беру жоспарда бар. Александр Рудаковтың айтуынша, бұл өлемдегі ең ірі жылыжайлардың бірі болмақ. Мұнда 7 мың жұмыс орнын ашу көзделген. «ЭКО-культура» холдингі жергілікті тұрғындар үшін бәсекеге қабілетті еңбек жағдайын тудырып, әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде өңірдің дамуына елеулі үлес қосады.

Үкімет басшысы агроөнеркәсіп кешенін дамытудың маңыздылығына тоқталды.

«Азық-түлік қауіпсіздігі, тұрғындарды сапалы өрі арзан өнімдермен қамтамасыз ету — Үкімет жұмысының негізгі басымдығы. сіп келе жатқан демографиялық көрсеткіштерді ескере отырып, бүкіл өлемде азық-түлікке деген қажеттілік тұрақты түрде артып келеді. Бізде ішкі нарықты қамтамасыз етіп, өнімді экспорттауға толық мүмкіндік бар. Бүгінде біз ішкі қажеттілікті толық қамтамасыз ете отырып, ауыл шаруашылығы саласын жаңа деңгейге көтеруді және экспорт көлемін одан өрі арттыруды мақсат етіп отырмыз. Аталған бағытта біз инвесторларды тартуға мүдделіміз және ауқымды жобаларды іске асыруға қолдау көрсетуге дайынбыз», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

**Primeminister.kz.**

## ШАРУАЛАРҒА 5 ПАЙЫЗБЕН НЕСИЕ БЕРІЛЕДІ

2024 жылы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына алғаш рет 5% жеңілдікпен 400 млрд теңге көлемінде қосымша қаражат бөлінді. Несиелер «Кең дала-2» бағдарламасы бойынша бөлініп, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ филиалдары, несие серіктестіктері және екінші деңгейлі банктер арқылы іске асырылады.

2021 жылдан бастап бағдарлама операторы — «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын тікелей жеңілдетілген несиелендіруге 140 млрд теңге көлемінде бюджет қаражаты бөлініп келген. «Азық-түлік корпорациясы» ҰК» АҚ арқылы форвардтық сатып алу бағдарламасын жүзеге асыруға тағы шамамен 40 млрд теңге қарастырылған. Егінді несиелендіруге барлығы 180 млрд теңге бөлінді.

Қаржыландырудың қосымша көлемдері.

Биыл қолда бар қаржыландыру көлеміне «Кең дала-2» бағдарламасы бойынша қосымша 400 млрд теңге тарту мүмкіндігі бар. Бұл мақсатқа «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ желісі бойынша 300 млрд теңге тартылады.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері жылдық 5 пайыздық мөлшерлеменен несие ала алады. Несие мерзімі — 12 айға дейін. «Кең дала-2» бағдарламасына өтініштер 29 сәуірден бастап қабылдануда.

Бүгінгі таңда 600-ден астам шаруа қожалығы жалпы сомасы 46,6 млрд теңгеге өтінім берді, бұл 425

мың гектар егіс алқабын несиелендіруге қамтуға мүмкіндік береді. Белсенді жұмыс жалғасуда, АНК филиалдары өтініштерді демалыс күндері де сенбі және жексенбі де қабылдайды.

Қолданыстағы тетіктерге өзгерістер.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі жеңілдікті несиелендірудің қосымша көлемін қамтамасыз ету үшін субсидиялаудың қолданыстағы тетіктеріне өзгерістер енгізуді көздейді.

Біріншіден, фермерлер 5 пайыздан аспайтын жеңілдік мөлшерлемесі бойынша несие алады, бұл пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға қаражаттың болуына байланысты емес.

Екіншіден, несиелер бойынша кепілді қамтамасыз ету жағдайын жақсарту үшін несие шарты сомасының 85% мөлшерінде кепілдік тетігі қарастырылған.

AGRO PRESS

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жеңілдік

5% мөлшерлеменен несие алу

Түпкілікті қарна алушылар үшін несие сомасы

Несие мерзімі

12 айға дейін

Бір шаруа

15 МЛРД Т

дейін жетеді

«Кең дала-2» бағдарламасына өтініштер 29 сәуірден бастап

ҚР АШМ

AGRO PRESS

Биылғы жылғы қолда бар қаржының ішінен «Кең дала-2» бағдарламасы бойынша қосымша

400 МЛРД Т

тарту мүмкіндігі бар

Бұл мақсатқа «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ желісі бойынша

300 МЛРД Т

тартылады

ҚР АШМ

### Бюджет қаражаты

Несиелерді арзандату үшін және кепілдік беру тетігіне республикалық бюджеттен 60 млрд теңге, оның ішінде купондық сыйақыны субсидиялауға - 45 млрд теңге, қарыздарды кепілдендіруге - 15 млрд теңге, сондай-ақ жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен 37,3 млрд теңге бөлінеді.

### Кепілді қамтамасыз ету

Қарыз алушы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-дан кепілдік алуға, ал қарыздың қалған сомасына және сыйақыға «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның кепілдік саясатының талаптарына сәйкес қамтамасыз етуді ұсынуға құқылы. Немесе қарыздың толық сомасына АНК кепіл саясатының талаптарына жауап беретін кепілді қамтамасыз ету. Екінші деңгейлі банк арналары бойынша қаржыландыру кезінде екінші деңгейлі банктердің кепіл саясаты қолданылады.

**«Айғақ»-ақпарат.**

## 9 ӨҢІРДЕ ТОПТЫҚ СУ ҚҰБЫРЛАРЫН САЛУ ЖӘНЕ РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ



Су ресурстары және ирригация министрлігі 1 млн астам тұрғыны бар елді мекендерде

топтық су құбырларын салу және реконструкциялау жобасын бастады, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

Су ресурстары және ирригация министрлігі биыл су құбырларын салу және реконструкциялау бойынша 28 жобаны іске асыра бастады. Бұл жұмыстардың нәтижесінде, 1,1 млн тұрғыны бар 426 елді мекенде ауыз сумен қамтамасыз ету сапасы жақсарады.

Жаңадан салынатын және реконструкциядан өтетін топтық су құбырларының жалпы ұзындығы 2000 шақырымнан асады. Құрылыс жұмыстарын алдағы екі жылда аяқтау жоспарланып отыр.

«Құрылыс жұмыстары еліміздің 9 өңірінде жүріп жатыр. Атап айтқанда, Солтүстік Қазақстанда — 10 топтық су құбыры, Қызылорда облысында — 6, Ақмола облысында — 4, Алматы және Ұлытау облыстарында — 2 жобадан, Атырау, Маңғыстау, Түркістан, Батыс Қазақстан облыстарының әрқайсысында 1 топтық су құбырларын салу және реконструкциялау жобасы жүзеге асырылуда», - деді су ресурстары және ирригация вице-министрі Ерболат Ибрайханов.

**Астана.**

## Мерейтой

Халқымыз өткен тарихына көз салар болсақ, ұмытылмас есімдер көп-ақ. Соның бірі — туғанына 130 жыл толуын атап отырған Қазақстан мен Орта Азияның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ халқын бақытқа жеткіземін деп, бірақ дегеніне жетпей арманда кеткен абзал перзенттерінің бірі — Сұлтанбек Қожанов.

Оның өмір жолы, көзқарасы, ұстанымы бүгінгі таңда да ескірген жоқ, ол қазір де сан мың ескелең ұрпақ үшін — Тәуелсіздік мұратына қызмет етудің тамаша да көрнекті үлгісі бола алады. Рухы күшті, биік азамат. Оны тарих тұғырына көтеріп, мақтаныш ету — жаңа Қазақстан күрескерлерінің қазіргі буыны үшін қарыз да, парыз да.

Әрине, әрбір ұлт өзінің тәуелсіз мемлекет болуын мақсат еткен, сол үшін өзінің бар күш-жігерін сарп еткен, өз халқының болашағын ойлап, іс-әрекет жасаған ол сталиндік қатыгез саясаттың құрбаны болды. Кезінде замандастары «Жарты патша» атап, зор баға берген Сұлтанбек Қожановты біз «Халық жауы» деп келдік. Ал бүгінгі күні ол бір ауыл, бір аудан, бір облыс емес, бүкіл халқымыздың мақтанышына айналды. Оның өмірі қызметі кез-келген

жастарымызға үлгі-өнеге болуда. Еліміздің дамуы үшін күресіп жатқан шақта ұлт рухының нығайтып, халқымыздың дәстүрі мен салт-санасы, елжандылық қасиеті жас ұрпақтардың бойынан табылуының үлкен мәні бар. Жаһандану процесінде ұлттың өзге ұлттардың тасасында қалып қоймай, өз қасиетін сақтап қалуы үшін бұрынғы өткен Алаш азаматтары Сұлтанбек Қожанов сынды халқы сүйген тұлғалардың өмірі мен қызметтері зор үлгі болмақ.

Кешегісіз бүгін жоқ. Кешегі тарихи тұлғалардың ұлтқа қызмет етудегі күресін мемлекетшілдік, ұлтжандылық көрінісінің нағыз тұғыры деп білуіміз керек. Сұлтанбек Қожанов сондай жұлдыздар шоғырындағы ең жарық жұлдыз. Сұлтанбек Қожанов бұрынғы кезеңдегі Сырдария губерниясы, Түркістан уезі, №26 ауылда 1894 жылы 10 қыркүйекте дүниеге келген. Қазіргі Созақ ауданы, Ақсұмбе ауылы Кебекбай бұлағының жағасында кіндік қаны тамған.

Ұлы тұлға жастайынан мемлекет жүйесін нығайтуға күш салады. Түркістан Республикасы болып құрылған мемле-



кетте жауапты қызметтер атқарады. 1920 жылы Түркістан уездік кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары болады. Сол жылы компартия қатарына өтеді. Одан әрі бүкіл қазақтың съездеріне республика кеңесінің съездеріне қатысып, Сырдария кеңес атқару комитетінің төрағасы, 1921

тіне редакторлық қызметте болады. Сол газетте ұлт мүддесі баса айтылып, қазақ жастарына арнап, еңбек ету, оқып үйрену керектігі жайлы үндеу салады.

1925 жылғы 15-19 сәуір аралығында Қазақ Кеңесінің V съезі болып өтті. Оған төрағалық еткен Сұлтанбек Қожанұлы күн тәртібіне екі мәселе енгізді. Біріншіден, делегаттардың бірауызды шешімімен ұлтымыздан «қазақ» деген шын атауы қайтарылды,

Сөйле. Орта Азияның Шыңғысханы, - деп Сұлтанбекке қадап айтқан сөзіне ол:

- Сөйлесек, сөйлетеміз. Мұнда грузиннің князі де сөйлеп жатыр ғой, - деп жауап қатып, көсемнің өзіне деген кегін тудырмайды. Бұл жерде Сұлтанбек Қожанұлының батырлық бейнесі орын алады.

Әрине, елге адал қызмет етуге арналған бүкіл өмірі, күрес пен қасіретке ұласқан Сұлтанбек аққан жұлдыздай өмірден өте шықты. Артында

## СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВ – ҚАЗАҚ РУХЫНЫҢ ТҰЛФАСЫ

жылы Республика халық ағарту, оқу комиссары, 1923 жылы республика атқару комитетінің төрағасының бірінші орынбасары, 1924-1925 жылғы көктемге дейін БКП(б) Қырғыз (қазақ) өлкелік партия комитетінің хатшысы, II хатшысы қызметтерін атқарды.

Сұлтанбек Қожанов Түркістан Республикасының IX съезінен бастап барлық съездеріне қатысып, өткір-өткір мәселелер қозғап, ел қамы үшін жан аямай қызмет көрсетеді. Сталинмен әлденеше рет кездесіп, тіпті пікірталастарға барған ер жүректі от тілді, орақ ауызды Қожанов, «қызу қанды қазақ» деген атаққа ие болды. Барлық уақытта ұлт, жұртым деп жанашырлық танытып, «Ақжол» газе-

екіншіден, сол кісінің ұсынысы бойынша «Ақмешіт» қаласының аты «Қызылорда» болып өзгертілді.

«Жарайсың, қызу қанды қырғыз!» бұл пролетариат көсемі В.Лениннің кеңестің Бүкілресейлік тоғызыншы съезіне делегат болып қатысып сөз сөйлеген қайраткер Сұлтанбек Қожанұлына қарата айтқан сөзі. Тағы бірде партияның жиынында сөз сөйлеген Сұлтанбекке Ленин: - Жолдас Қожанов, Азияның азаматтары сіз сияқты бәрі жоғарғы деңгейде сауатты ма? — деген сауалына Қожанов былай деп жауап қайтарған екен: - Жоқ, жолдас Ленин. Менің сауаттылығым басқаларға қарағанда төмендеу.

Бір кезде И.Сталин: - Ал,

ұлтының жүрегінен ойып орын алатын өлмейтін із қалдырды. Ұлтын сүйіп, өзегін жарған жалын күшін елінің дамуына, керкеюіне арнаған Ақсұмбенің тастүлегі — бүгін Алаштың тау тұлғасына, халқының құрмет тұтып, мақтан етер даңқты қайраткеріне айналды.

Қазақ рухын, рухани байлығын биік көтеруге күш-жігерін аямаған Сұлтанбек Қожанұлы — қазақ рухының тұлғасына ие болды!

## Абдіжаппар ТҰРАШБЕКОВ,

Философия ғылымдарының кандидаты, Жәнібеков атындағы ОҚМПУ-дың қауымдасқан професоры, Төлеби ауданының «Құрметті азаматы».

## БАҚЫТТЫ БАЛҒЫН ШАҚ — ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ!



Елімізде балаларды қорғау күніне орай түрлі мерекелік іс-шаралар өтіп, Шымкент қаласында да легі толастамады. Соның бірі орталық саябақта «Бақытты балғын шақ — жарқын болашақ» атты білім басқармасының ұйымдастыруымен мерекелік іс-шарасы өтті. Шараға, Шымкент қаласының әкімі Фабит Сыздықбеков және қала әкімінің бірінші орынбасары Сәрсен Құранбек, «Аманат» партиясының депутаттары, Шымкент қаласы Білім басқармасының басшысы Нұргүл Шәмшиева арнайы қатысты. Қала әкімі қала тұрғындарымен суретке түсіп, бүлдіршіндерді мерекелеп құттықтады. Шарада 1300-ге жуық жас өрендер, сахна төрінде өнерлерін көрсетіп, көрермен көңілін шаттыққа бөледі. Орталық саябақ өсем өн мен күмбірлеген күйге және мың бұралған бишілерге, онымен қоса 5000-нан астам балғынның күміс күлкісіне толды.

Шараның мақсаты: Балалар шығар-

машылығын дамыту, музыка арқылы мәдени және тілдік білімдерін байыту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, Отанын сүйеу, өз елі мен халқының тарихын біліп, оны құрметтеуге тәрбиелеу және жас өскінге рухани қолдау таныту,- дейді ұйымдастыру.

## ЗЕЙІНДІ БАЛА — ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

1 Маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні. Атаулы дата ауыл-аймақ, қалаларда балғындарға ерекше көңіл-күй сыйлау үшін түрлі мерекелік шаралар, концерттер ұйымдастырылады.

Осы орайда, Білім басқармасы және қалалық әйелдер кеңесінің ұйымдастыруымен «№ 28 «Гауһар» мемлекеттік арнаулы балабақшасы» базасында «Біз өлемді балаларға сыйлаймыз!» атты челлендж ұйымдастырылды. Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшелерінің ұсынысымен бас-талған бұл шараның басты мақсаты: бүлдіршіндердің топта бірлескен іс-әрекет дағдыларын дамыту, қоғамдастық сезімін тудыру.

Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретінде мектепке дейінгі білім беруге назар аударған жөн. Және бұл сатыны олардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға арналған тиімді бағдарламалармен қамтамасыз ету қажет. Осы орайда балабақша ауласында

«Біз спортты сүйеміз» спорттық эстафетасы, «Жас зерттеушілер» тәжірибе жасау, «Әлем балалар көзімен» Дәстүрлі емес әдіспен сурет салу, «Біз аспаздармыз» Дәстүрден тыс әдіс-тәсілмен қол моторикасын дамыту, «Көңілді бояулар» гипске сурет салу, «Ұлттық құндылықтар» Асық ойындары, кілем тоқу, киіз басу секілді қалашықтар құрып, бүлдіршіндер эстафеталарға қатысты. Іс-шара соңында қалалық әйелдер кеңесінің төрағасы Баян Жандосова бүлдіршіндерді Халықаралық балаларды қорғау күнімен құттықтап, алғыс хатпен марапаттады. Сонымен қатар, мерекеге орай балаларға сыйлықтар табыс етілді.

Бұл мерекенің шығу тарихына үңілсек, балалар күнін өткізу жөніндегі шешім 1949 жылдың қараша айында Парижде Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының арнайы сессиясында қабылданады. Ал, Халықаралық балаларды қорғау күні алғаш рет 1950 жылы атап өткізіліп, өлем халықтарының басым бөлігі аталмыш мейрамды әлі күнге дейін тойлап келеді.

## ЖАЗ ҚЫЗЫҒЫ — КӨҢІЛДІ ДЕМАЛЫС

Мектеп жасындағы балалар үшін жаз мезгілінің маңызы ерекше. Жыл бойы ұзақ оқу мен емтиханнан өткен бала демалысты асыға күтіп, уақытты барынша қызықты, әрі көңілді өткізуге тырысады. Сондықтан бұл мезгілде бала өзінің сүйікті ісімен айналысып, түрлі шаралар мен үйірмелерге қатысуға мүмкіндік беретін уақыт. Бала денсаулығын, ой-қабілеті мен спортқа бейімін нығайту іс-шараларын дұрыс өткізу оның жаңа оқу жылын сергек бастауына септігін тигізеді. Осы орайда, оқушылар сарайында «жаз қызығы-көңілді демалыс» атты танымдық-сауықтық бағдарламасы өтті. Бағдарламаның мақсаты- жаз бойы жұмыс істейтін үйірмелерді жарнамалау.

Мерекелік шарада үйірмеге қатысатын «Балдәурен», «Алтын гасыр» атты топтардың өнерлі өрендері өн айтып, жас бүлдіршіндер би билеп, мерекеге сән берді. Шараға Шымкент қаласы білім басқармасы қосымша білім беру оқу салалық орталығының өкілдері қатысып, балаларды мерекелеп құттықтады. Онымен қоса, балалардың ата-аналары да арнайы қатысып, ұйымдастырушыларға өз алғыстарын білдірді.

Айта кетейік, оқушылар сарайында жыл бойы 122 үйірме түрі жұмыс жасайды. Алдағы уақытта оның ішінде жаз мезгілінде 40-қа жуық үйірме жұмыс істеп, 2000-ға жуық балаларды қосымша біліммен қамтымақ.

Аружан МАТАЙ.

Еліміздің жаңа экономикалық саясатының негізгі мақсатының өзгермейтінін 2021 жылдың 2 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына арналған Жолдауында атап өткен Қ.Тоқаев «Оның мәні-сапалық және инклюзивтік тұрғыдан халықтың әл-ауқатын арттыру» деді. Бұл мәселе мал өсірумен айналысатын ауыл жұртына өте өзекті.

Түркістан облысының агроөнеркәсіп кешенінің жетекші саласының бірі қарқынды дамып келе жатқан мал шаруашылығы. 2023 жылдың бас кезіндегі берілген мәлімет бойынша қара мал саны 1,032,6 мың бас, қой 4530,1 мың, жылқы 385,3 мың, түйе 31,8 мың бас болды. Атап өтерлік жағдай, 27 мамырдағы «Новости Казахстан» мәліметінде облыстағы қой басының саны 5,9 млн жеткен. Оның 48% ауыл жұртшылығына, 47% жеке кәсіпкерлерге және шаруа қожалықтарына тиесілі деп көрсетілген.

Облыстың жер қоры 11 630,3 мың гектар, оның 4 518, 5 мың га ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланса, 3 020,7 мың га орман қорына, 2 592,4 мың га резервте, ауыл жұртындағы жайылым көлемі 1 034,5 мың га құрайды.

Әйткенмен, облыстың шөл аймағында төрт түлік малды жемшөппен қамтамасыз ету күрделі мәселе. Бұл аймақтағы табиғи жайылымдардың ашық жатуы, күшті өкпек желдердің жиі соғатыны, табиғи су көздерінің тапшылығы, ауа райының тұрақсыз және құрғақты болуы жайылым шығымдылығы мен сапасының түрліше болуына әсерін тигізбей қоймауда. Оның үстіне кейінгі жылдары жайылымды тиімді пайдаланбау, сақтау мен пайдалану арасындағы теңестірілген қатынасты сақтамау, сонымен қатар ірілі-майда елді мекендердің айналасындағы өрістердің шектен тыс пайдалануы жайылымдық алқаптардың тозуына және пайдалы өсімдіктер дүниесінің сиреуіне өкеліп отырғаны белгілі.

Бүгінде табиғи жайылымның тозуы елімізде жалғасып, 2021 жылы 27,1 млн га жетті. Оның 2330,0 мың гектары Түркістан облысында байқалды.

Жайылымдық жерлердің бүгінгі шаруашылық жағдайын анықтау және оларды жақсарту және ауыспалы жайылым жүйесінде пайдалану үшін іс-шараларды дайындауда геоботаникалық сараптамаардың орны ерекше. Ол үшін кешенді (фитотопо экологиялық) тәсіл қолданылады.

Түркістан облысының ауыл маңындағы табиғи жайылымның жағдайын анықтау бойынша жүргізілмеген және экологиялық ахуалы туралы деректер жоқтың қасы. Осыған байланысты М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті мен «Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-ның ғалымдары бірлесіп ауыл маңындағы тозған жайылымдық жерлерді анықтап, өсімдік жамылғысының тозу деңгейінің себептерін анықтауды Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің ИРН АР14871736 «Түркістан облысының шөлейт аймағындағы бұзылған ауылдық жайылымдарды пайдаланудың тиімді технологияларын әзірлеу» жобасына сәйкес Қожатоғай ауылдық округіне қарасты ауылдар маңындағы жайылымдарға геоботаникалық сараптама жүргізуді қолға алды.

Қожатоғай ауылдық округі Шымкент қаласынан батысқа қарай 150 км, Арыс қаласынан 60 км қашықтықта Сырдария өзенінің оң жағалауынан шығысқа қараған шөл алқапты алып жатыр. Округ орталығы Қожатоғай ауылы Сырдария өзені бойында орналасқан. Округ құрамына орталықтан солтүстікке қарай 15 шақырымдай жерде жатқан Шөгірлі ауылы, оңтүстікке қарай 18 шақырымдай жерде Байтоғай ауылы, шығысқа қарай 45 шақырымдай жердегі Дарбаза ауылы және оңтүстік шығысқа қарай 50 шақырымдай қашықтықта орналасқан Бұлақ ауылы кіреді.

Статистикалық мәліметтерге сай Байтоғай ауылында 126 шаңырақ бар, оның 50-і мал, құс асырайды. Бұлақ ауылында тиісінше 14,7, Дарбазада 11,7, Қожатоғайда 318,182, Шөгірліде 124,58. Барлығы 593 шаңырақтың 304, яғни 56,3 пайызы мал ұстайды. 2024 жылдың қаңтар айындағы

есеп бойынша Байтоғай ауылында қара мал саны 200 бас, қой 3388 бас, жылқы 157, Бұлақ ауылында тиісінше 101, 2878, жылқы 830, Дарбазада 167, 1367, 101, Қожатоғайда 852, 520, 564, Шөгірліде 12 бас, Қожатоғайда 126, Байтоғайда 7 бас ешкі болған.

Округ бойынша қара мал саны 1600 бас, қой 13509, ешкі 145 және жылқы 1900 басты құрайды.

2023 жылғы мәлімет бойынша Қожатоғай ауылдық округінің табиғи жайылым көлемі 239 мың гектарға жуық, ал соның ішінде ауыл маңына бекітілген жайылым көлемі 5745 гектар ғана, Оның 2598 га Қожатоғай ауылына, Байтоғайға 1487, Шөгірліге 199, Дарбазаға 811, Бұлақ ауылына 650 га тиесілі.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылдың 14 сәуіріндегі № №-3/332 бұйрығы және 2017 жылдың 24 сәуіріндегі №172 бұйрықтарында жайылымға жүктеме нормалары әр облыстың жайылым түрлеріне сәйкес бекітілген. Осы нормативтік құжаттарда Түркістан облысының шөл аймағында орта есеппен бір қойға бекітілген 2 га мөлшермен есептегенде Қожатоғай ауылдық округіне 13505 қойға 27000 гектар жайылымдық жер қажет болады. Яғни мал шамадан 4 есеге артық шоғырлануда деген сөз, былайша айтқанда, өрісті экологиялық тұрғыдан қауіпсіз саналатын шектен артық пайдалану жайылымның тозу процесінде басты орын алуы мүмкін екені даусыз.

2021 жылы 3 қыркүйегіндегі Қазақстан

## ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛ МАҢЫНДАҒЫ ЖАЙЫЛЫМДАРДЫҢ ӨСІМДІК ЖАМЫЛҒЫСЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ

халқына арналған Жолдауында Қ. Тоқаев, ауылдарды ортақ жайылымдармен қамтамасыз етудің маңыздылығына тікелей назар аударып, бірінші кезекте ауыл тұрғындарына қолжетімді болу керек деп атап өтті.

Ауыл жұртшылығының әр шаңырағындағы мал басын анықтау кезінде бұл көрсеткіштің біркелкі емес екендігі белгілі болды.

Мысалы Қожатоғай елді мекеніндегі отбасылардың басым бөлігінде 1-2 сиыр, 10 шақты отбасында 45-тен 58-ге дейін бар. Жылқы саны кейбір шаңырақтарда 30 дан 85 басқа дейін, қой басы 64-тен 272 дейін жеткен. Байтоғайда сиыр басы 20-30, Бұлақ ауылында 20-70, аралығында және Дарбаза ауылында 91 бас сиырга жеткен.

Қожатоғай ауылдық округіне қарасты ауылдар маңындағы жайылымдық жерлерді геоботаникалық сараптама жүргізу жұмыстары 2022 жылдың тамыз — қыркүйек айларынан басталды. Қожатоғай, Байтоғай және Шөгірлі ауылдарының батыс бөлігі Сырдария өзені бойындағы тоғайға барып тіреледі. Жайылымдық жерлер солтүстік, шығыс және оңтүстік жағында жатыр. Қожатоғай, Шөгірлі ауылының шығыс бөлігінде жусанды — эфемерлі, солтүстік және оңтүстік бөлігінде Алқақөл құмды өңірдің шөптесін — бұталы жайылым, Байтоғай ауылының үш жағында да шөптесін — бұталы жайылым, Дарбаза, Бұлақ ауылдарын айнала раңды, раңды — жусанды жайылым тараған.

Қожатоғай ауылының шығыс жағындағы жеңіл саздақты боз топырақтағы жусанды — раңды жайылымында кең тараған өсімдікке басты жусан (*Artemisia diffusa*) жатады. Мал жеген шөптердің құрғақ массалары кездеспейді. Осыған қарағанда басты жусан өсімдігі қоңырбас сияқты раңды түрлермен қоса желінген, жол бойында мал тимеген өсімдіктерінің бойы 43-57 см. Басқа өсімдіктерден сақталғаны жаңтақ (*Alhagi pseudalhagi*), есекмия (*Goebelia pachycarpa*) сирек кездеседі. Ауылдың солтүстік жағындағы шөптесін — бұталы жайылымы да көктем — жазда жақсы желінген. сімдік түрлері құмшауытты ашық

боз топырақта тараған. Күз айының өзінде өсімдік түрлері алдыңғы жайылым түрлеріне қарағанда көбірек: шашақты жусан (*Artemisia scoraria*), дара жапырақ таспа, сіңгірен (*Astragalus unifoliolatus*), ақ шенгел (*Halimodendron halodendron* Pall.), ебелек (*Ceratocarpus arenarius*), селея (*Stipra hohennackeriana*), есекмия (*Goebelia pachycarpa*), жантақ (*Alhagi pseudalhagi*) басым. Басты жусан (*Artemisia diffusa*) сирек, қоңырбастың (*Poa bulbosa*) құрғақ сабақтары жаңтақ, сіңгірен сабақтарының арасында сирек көрінеді. Сіңгірен түптері қатты желінген. Ақ шенгел жылдан жылға көбейіп келеді. Бір түбінің айналасында 2-3 жылдық өсімдіктерінің өсіп жатқаны анықталды. Ара кідік адыраспан (*Peganum garmala*) кездеседі.

Ауылдың оңтүстік жағында шығысқа қарай саздақты боз сұр топырақта жусанды — раңды, батысқа қарай құмшауытты топырақта шөптесін — бұталы жайылым жатыр. Мұнда көбеңқұйрық (лақса) — *Cousinia*, ақшыл жусан — (*Artemisia leucodes*), сіңгірен, құмды хрозифорасы (*Chrozophora sabulosa*) тараған.

Жусанды раңды жайылымда басты жусан гана өсуде. Жер бетінен 12-15 см гана бөлігі қалған. Жоғары жағы желінген. Қоңырбастың құрғақ сабақтары жусан түбінің сабақтары арасында кездеседі, жусан түптері арасындағы кеңістікте толық желінген. Құмшауытты жерлерде сарғайып кеткен өлеңшөп (*Carex pachystyles*) — қоңырбас (*Poa bulbosa*) аралас өрістер кездеседі.

Шөптесін — бұталы жайылымда көбеңқұйрық, лақса (*Cousinia*), дара жапырақты таспа, сіңгірен (*Astragalus unifoliolatus*) басым. Басты жусан, қоңырбас өте сирек, Жолға жақын жерде қарақұзге дейін өсетін, жаз кезінде балауса құрамында витамині мол біржылдық шөп құмдық хрозифора, есек шөп (*Chrozophora sabulosa*) кездеседі. Басты жусан өте сирек және дара жапырақты таспа сияқты желінген.

2023 жылдың көктем маусымында жүргізілген байқаулар нәтижесінде Қожатоғай ауылының шығыс жағындағы алқапта жусанды — раңды жайылымда басты жусанның 1 гектардағы саны 6500-7700 дана аралығында, өсімдіктерінің биіктігі 35,2 см. Қоңырбас сирек, жол жиегінде сақталған өсімдіктерінің бойы 21,0 см. Бұл жылы біржылдық қызылот (*Bromus inermis*) шөбі сирек. Сақталған өсімдіктердің бойы 27,1 см. Есекмия, жаңтақ өте сирек, 100 шаршы метрде 2-4 дана кездеседі.

Ауылдың солтүстік жағындағы құмшауытты боз сұр топырақта былтырғы түрлер өсуде. Басты жусан өсімдігінің жиілігі бір гектарда 700-1300 дана, жантақ жиілігі 200-700, дара жапырақты таспа 1100-2000, есекмия 680-1100. Бүрген сирек, сабағының жоғарғы жағы желінген. Қоңырбас, қызылот өте сирек, желінген.

Оңтүстік жағындағы жусанды — раңды жайылымдағы басты жусан желінген, гектарына 4300-5600 дана болды. Есекмия, ебелек, шығыс шырышы (*Eremugus anisopterus*), құртқашаш (*Iris longiscapa*), қараот, қоңырбас сирек.

Шөптесін — бұталы жайылымда 11 түрі кездеседі. Былтырғы түрлерден басқа тұқым байлап жатқан шырыш (*Eremugus anisopterus*), құртқашаш (*Iris longiscapa*), сиыр құйрық (*Descurainia Sophia*), аргузіе сүйел жазар кездесті. Дегенмен алдыңғы екі түр сирек кездеседі. Жантақ жиілігі 700-800, есекмия 300-1100, дара жапырақты таспа 1100-1300 дана/га болды. Сиыр

**Б.Ш. КЕДЕЛЬБАЕВ,**  
техника ғылымдарының докторы, профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

**Ө.СЕЙТКӨРІМОВ,**  
ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, «Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС.

құйрық шөбінің тұқымы улы саналады. Сондықтан пішен ретінде пайдалануға болмайды. Шөгірлі ауылының жусанды — эфемерлі жайылымы шамадан тыс және тұрақты пайдалану себепті адыраспан, ебелек түрлері 40 гектардай жерін 80-90% басқан. Сонымен қатар жер беті бұдырланған. Мұндай жайылым тозу үдерісінің III сатысына жатады. Жаздың бас кезінде жусанды жайылымдарда мал жайылмаған, жусанның биіктігі 46,0 см. Құрғақ өнімділігі 4 ц/га болды. Оның 0,2 ц раңды шөптесінді құрайды. Оның себебі көктемде ауыл маңында қоңыр шіркей өте көп болып малдарға қиындық туғызды. Сөйтіп жусаны жайылым сақталып қалды. Құмшауытты жайылымдарда жапырақты таспа қатты желінген. Жантақты жемеген, биіктігі 42,2 см.

Күзде Дарбаза, Бұлақ, Байтоғай ауылдары зерттелді. Дарбаза ауылы ені 600-1000 метрден болатын ойпан жерде орналасқан. Батыс жағынан беткейі тіктеу, шығыс жағындағы көлбеңдеу.

Мұндағы жайылым дермене жусан (*Artemisia cina*), тікенді көбеңқұйрық (*Cousinia erectispina*), жаңтақ, қоңырбас тараған. Ауылға 3-4 шақырымдай жер қалғанда тікенді кеуіл (*Sarraris spinosa*), сүйекті аққурай (*Psoralea digitata*) өсімдіктері дермене жусанмен аралас өсіп жатқаны байқалды. Дермене жусанның жиілігі 6000-7000 дана/га, биіктігі 43,0 см. Көбеңқұйрық екі жылдық өсімдік. Бағалау кезінде оның тіршілігінің бірінші жылы екені анықталды, сондықтан болар гектарына 250-300 дана сақталған.

Бұлақ ауылы қырлы жерде орналасқан. Жайылым құрамы дермене, қоңырбас түрлерін тұрады. Дермене жусанның жиілігі 2500-3000 дана/га, биіктігі 32,6 см. Басқа түрлерден жалғыз сасық сасырдың (*Ferula foetida*) діңгектері гана кездеседі. Дермене жусанның құрғақ өнімділігі 7,2 ц/га.

Байтоғай ауылының жайылымы шөптесін — бұталы. йткені жайылымдық жер Алқақұл құмды алқапта жатыр.

2024 жылдың сәуір айының бас кезінде Байтоғай ауылының солтүстік жағындағы құмшауытты боз сұр жердегі шөптесін — бұталы жайылымды зерттедік. Биыл көктем жылы әрі ылғал болды. сімдік жамылғысы бай. Жапырақты сарғалдақ (*Ranunculus polyrhilus*) жаппай гүлдеп жатыр, корольков қызғалдағы (*Tulipa korolkovii*) да гүлдеуде, ал толық қияқөлең (*Carex pachystylis*), қоңырбас дән байлау кезеңде екен.

Екіжылдық ақшыл жусан (*Artemisia lerscheana*) өсімдігі 2-3 жапырақ шығарған. 100 шаршы 132 түп бар. Қоңырбастың бір шаршы метрдегі саны 138 жеткен, шапыратқының саны 13 дана. Дара жапырақты таспаның өсіп — дамуы өте жоғары, 100 шаршы метрде 8-14, дана өсімдік бойы 33-50 см, диаметрі 40-60 см, сабақ саны 5-9 дана/түп. Осы өсімдік түрі сақталған аумақтағы жайылым көк балауса өсімдігі 10,2-12,7 ц/га.

Сонымен геоботаникалық зерттеулердің нәтижесінде шығатын тұжырым — ауыл маңындағы жайылымды пайдалануға барлық тұрғындарға қолжетімді емес. Әр шаңырақта мал саны әр түрлі. Мал басының ауыл маңындағы жайылымда шоғырлануы және шамадан тыс жүктемеге байланысты өсімдік қауымдастығында мал жейтін өсімдіктер түрі аз және өнімділігі төмен. Осыған байланысты жайылымдық шығымдылығына қарай мал басының мөлшерін құқықтық негізде реттеуді, тұрғындардың мал ұстауына ынталандыру жолдарын қарастыру, жайылым көлемін ұлғайту және бағалы мал азықтық өсімдіктерді пайдалана отырып өнімділігін көтеру, экологиялық тұрғыдан шамадан тыс малды шалғайдағы жайылымға шығару іс-шараларын жүзеге асыру, ол үшін «Жайылым туралы» заңда көрсетілгендей инфрақұрылымның ұйымдастыру қажеттілігі туындайды.

**Б.Ш. КЕДЕЛЬБАЕВ,**

техника ғылымдарының докторы, профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

**Ө.СЕЙТКӨРІМОВ,**

ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, «Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС.

1 Маусым -  
Халықаралық  
балалар күні.  
1950 жылдан  
бері тойланып  
келе жатқан



мерекенің мақсаты балаларды қорғау болып табылады. Яғни, БҰҰ аталған бас-таманы дер кезінде қолдап, балалардың өмірін, құқығын, денсаулығын қорғауды өз қызметінің басты бағыттарының біріне айналдырды.



Атаулы мереке Түркістан өңірінде кең көлемде аталып өтті.

«Бақытты балалық шақ» мерекелік іс-шарасына облыс әкімі Дархан Сатыбалды қатысып, балалармен бірге көрме мен концерттік бағдарламаны тамашалады.

— Балаларға қамқорлық пен толыққанды тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау — мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі және басым бағыттарының бірі. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауларында балаларға жағдай жасау, олардың сапалы білім алуына қолдау көрсету туралы үнемі айтып келеді. Бүгінгі бала — елдің ертеңі, болашағы, ұлттың жалғасы. Балаларға жағдай жасау үшін облыста денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау, инфрақұрылым бағытында нақты шаралар қолға алынып, жүйелі жұмыстар атқарылып жатыр. Осы жұмыстар нәтижесінде биылғы оқу жылын облыс оқушылары үлкен жетістіктермен аяқтады. Халықаралық, республикалық, ғылыми жоба байқаулары мен пән олимпиадаларында дарынды балаларымыз 23 алтын, 17 күміс, 20 қола медальға қол жеткізді. Бұл — біздің өңірде талантты, білімді, жігерлі балалар өсіп келе жатқанының белгісі. Қымбатты балалар! Сіздерге мықты денсаулық, бейбіт өмір, бақытты балалық шақ тілеймін. Жазғы демалыстарыңыздың қызықты өтуіне шын жүректен тілектестігімді білдіремін, — деген өңір басшысы халықаралық, республикалық байқаулардың, олимпиадалардың, спорттық жарыстардың жеңімпаздарын марапаттады. Сондай-ақ қаржылай сыйақы сертификатты тапсырылды.

Еліміз бойынша жаңа мектептер ашу жөнінен де өңір алдыңғы қатарда. Мемлекет басшысының «Жайлы мектеп» ұлттық пилоттық жобасын іске асыру шеңберінде 2023-2025 жылдары біздің өңірде 63 мектептің құрылысын салу жоспарланған. Биылғы жазғы демалысты тиімді өткізу мақсатында облыстық бюджеттен 2,6 млрд теңге

бөлінді. Жазғы сауықтыру лагерлерінде 35 мыңнан астам оқушы бюджет есебінен тегін, «Қазақстан халқына» қоры есебінен 3421 оқушы жазғы сауықтыру лагерлерімен тегін қамтылады. Бұл маусымның тағы бір ерекшелігі алғаш рет лагерінде шатырлы және этно лагер ұйымдастырылады.

«Керуен сарай» туристік кешенінде өткен жиында тақырыптық көрме жасақталған. 500 оқушыдан құралған домбырашылар бір мезетте күй тартты. Балалардың қолданбалы өнер бағытындағы шығармашылық жұмыстарының жәрмеңкесі өтті. «Шымкент-цирк» мекемесі пен Қуыршақ театры-

шұғылданып, бос уақытын тиімді пайдалануға қолайлы жағдайлар қарастырылуда. ткен жылдан бері ауданда футбол, баскетбол, волейбол алаңшасы мен «Street workout», балалар ойын алаңшасы, 1000 орындық жаңа стадион және жабық үлгідегі футбол алаңдары пайдалануға беріліп, жалпы спорт саласы бойынша 9 нысан ел ілігіне ұсынылды.

Биыл Қарақұр ауылында заман талабына сай жабдықталған жабық үлгідегі футбол алаңының құрылысы басталды. Жабық алаң кез-келген мезгілде доп тебуге ыңғайлы етіп жабдықталады. Алдағы уақытта бұндай нысан кезең-кезеңімен барлық ауылдық округтерде бой көтермек.

Бұған қоса аудан орталығынан салынып жатқан заманауи үлгідегі 200 орындық спорттық-сауықтыру кешенінің құрылысы жалғасуда. Жалпы ауданы 3 га болатын спорт кешенінің оқу-жаттығу базасы да барлық заманауи талаптарға сай. Екі қабатты ғимарат волейбол және баскетбол алаңдары, күрес пен боксқа арналған зал, бассейн және футболмен айналысуға арналған ашық спорт алаңымен қамтылып, облысымыздағы айтулы нысандардың бірі болмақ.

Ал Жартытөбе ауылында балдырған балалардың мерекесі кең көлемде, сән-салтанатымен аталып өтті. Ауыл ішіндегі «Астана» саябағы мерекеге сай безендіріліп, шараға 500-ге тарта бүлдіршін мен ата-аналар қатысты.

Мерекелік шараға арнайы қатысқан аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов шараға жиналған жұршылықты мерекеміз құттықтап, аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлының ыстық ықыласын жеткізді. Ауылдық округте білім мен спорт саласы бойынша облыстық, республикалық сайыстарда жетістікке жеткен оқушыларға аудан әкімінің алғыс хатын табыс етті. Сондай-ақ аудандық мәслихат депутаты Рыскелді Сапарбаев және «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы Нұржамал Майусова ізгі тілектерін арнап, шараның маңыздылығына тоқталып өтті.

Балаларды ерекше әсерге бөлеген мерекелік шара ашық аспан астында сурет салудан басталды. Балалар асық ату мен тоғызқұмалақтан өзара сынға түсіп, ұлттық спорт ұлықталды.

40 жылдық тарихы бар Шымкент қалалық қуыршақ және жасөспірімдер театры «Балаларға бақыт сыйлайық» атты мерекелік бағдарламасын тарту етіп, «Шымкент-цирк» өнерпаздары өз өнерлерін ортаға салды. Қуыршақтар шеруі мен балаларға арналған интерактивті ойындар жас бүлдіршіндерді қуанышқа кенелтті. Дәстүрлі өндер орындалып, шара аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйі өнерпаздарының орындауындағы концерттік бағдарламаға ұласты. 500-ге

тарта балаға балмұздақ таратылып, құрмет көрсетілді.



\*\*\*

Арыста ардагерлер үйінде ерекше қамқорлықты қажет ететін балаларға арналған қала әкімінің қайырымдылық дастарханы жайылды.

Тағдырдың сынына мойымай, асқақ арманға қанат қаққан қаршадай балаларға арналған шарада шаһар басшысы Гүлжан Құрманбекова бүлдіршіндерді мерекелерімен құттықтап, ақ тілегін арнады.

Шара барысында, қаламыздың жаны жомарт кәсіпкерлері және Іскер әйелдер ерекше күтімді қажет ететін бүлдіршіндерге заттай сыйлықтар үлестіріп, тәттілер мен балмұздақ таратып оларды шексіз қуанышқа бөледі.

Сонымен қатар, мерекеге орай Арыста орналасқан «Danis» коррекциялық дамыту орталығында ерекше жағдайдағы балаларға арналған мерекелік кеш өтті.

Ерекше балаларды мерекеміз құттықтауға қала әкімі Гүлжан Құрманбекова және Шымкент қаласы әкімінің кеңесшісі, балалардың құқығын қорғау жөніндегі уәкіл Жаннета Жазықбаева арнайы қатысып, ізгі тілектерін жолдады.

Думанды шарада кішкентай көрермендер үшін дайындалған театрландырылған қойылымдар оларды ертегі еліне шақырды. Балалардың жүздеріне күлкі мен шаттық ұялап, ерекше балалар өз өнерлерін көрсетіп, мәре-сәре болды. Мерекелік кеште ерекше балалар мәдениет үйінің өнерпаздарымен бірге өн айтып, би билеп, көңіл көтерді.

Бүгінгі таңда Арыс қаласы бойынша ерекше күтімді қажет ететін 159 бала бар. Оларға қалалық Жұмыспен қамту және Әлеуметтік бағдарламалар бөлімі тарапынан әлеуметтік қызметкерлер қарастырылған. Айтулы мерекеге орай барлық балаға 5 АЕК көлемінде қаржылай сыйақы аударылып беріледі.

Бүлдіршіндердің асыға күтетін мерекесі Арыс қаласында үш саябақта, және ерекше балаларға арналған орталықтарда ұйымдастырылып, кең көлемде аталып өтті. Бұл күні қалада қоғамдық көліктер 18 жасқа дейінгі балалар үшін тегін қызмет көрсетті. Сондай-ақ демеушілер есебінен балалар қаладағы саябақтарда батуттар, аттракциондар мен карусельдерде тегін ойнады. Қалалық Мәдениет үйінде іріміздің түкпір-түкпірінен келген өнерпаздардың қатысуымен «Балдәурен 2024» өн байқауы ұйымдастырылды.

Қала әкімі Гүлжан Құрманбекова айтулы күнді арыстықтармен бірге ерекше түрде өзіндік сән-салтанатымен атап өтті. «Бақытты балалық үшін» республикалық акциясы аясында өткен мереке ең алдымен Орталық Әл-Фараби алаңынан бастау алды. Мұнда мектеп қабырғасында оқитын өнерлі өрендер сахна төрінде өнерлерін ортаға



Спорт нысанының ашылу салтанатында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков шараға жиналған тұрғындарды жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, жас бүлдіршіндерге мерекелік тілегін арнады. Сонымен қатар аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев ауыл жастары спортты жанына серік етіп, жаңа нысан тәнін шынықтыратын орынға айналатынына сенімін білдірді.

Қазргі таңда аудан жастары спортпен

# ШАРТАРАПТЫҢ БАҚЫТЫ

салып, жиналған көпшілікке мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Шара барысында қалалық Мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Мен бақытты баламын» атты сурет сайысы өтті. Ашық аспан астындағы алаңқайда салынған суреттерде балалар еліміздегі бейбітшілік пен достықты, қоғамдық келісім мен бақытты балалық шақты бейнеледі.

Кезекті мерекелік жиын орталық алаңдағы теміржолшылар саябағында жалғасты. Қала әкімдігі мен теміржолшылар кәсіподағы бірлесіп өткізген мерекеді өнерпаз балалар өн айтып, ойындар ойнап, шат-шадыман болды. Сондай ақ теміржол кәсіподағы 2000 балаға тегін балмұздақ таратты.

Бұл күні қыл қалам өнеріне бейім бүлдіршіндердің сурет көрмесі және спорттық эстафеталар да ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, мерекеге орай, ең алдымен қазақтың ұлттық ойыны тоғызқұмалақтан облыстық ашық турнир өтті. Турнирге Түркістан облысына қарасты барлық аудан-қалалардан ойыншылар қатысып, 3 жас ерекшелігі бойынша бақ сынасты.

Шараның ашылу салтанатына Арыс қаласы әкімінің орынбасары Ергали Қуандық қатысып, ұлттық ойынды ұлықтап жүрген спортшыларға сәттілік тіледі. Жүзден жүйрік боп, жүлделі орын алған спортшылар арнайы дипломдар мен сыйлықтарға ие болды.

Балғын балақайлардың мерекесі Арыс қаласында жоғары деңгейде тойланды. Айталық түрлі спорттық сайыстар ұйымдастырылып, спортсүйер қауымға керемет көңіл күй сыйлады. Қалада мерекі қарсаңында аула спорты түрлерінен жарыс өтті.

лерін көрсетіп көрермен көзайымына айналды. Шара барысында орталықтың тыныс тіршілігіне өз үлестерін қосып, балалардың дамуына қолдау көрсетіп жүрген жеке кәсіпкерлерге ерекше құрмет көрсетілді.

Айтулы күнде аудан орталығында бірқатар игі шаралар ұйымдастырылды. «Нұрқожа» салтанат сарайында «Адамның бір қызығы бала» атты мерекелік іс-шара өтті. Кезекті мерекелік концертке аудан әкімі Жәнібек Ағыбаев, аудандық мәслихаттың төрағасы Нұржан Шаулиев қатысып, бүлдіршіндер мен ата-аналарды мерекімен құттықтап, сый сияпаттарын табыстады.



\*\*\*

Айтулы күнде аудан орталықтарында түрлі шаралар өтіп жатыр. Мерекі қарсаңында Төлеби ауданы, Бірінші мамыр ауылдық округіндегі отбасы үлгісінде жұмыс жасайтын балалар үйі жанынан лагерь ашылды. Демалыс аймағына «Төлеби нұры» атауы берілді.

Ашылу салтанатына «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы-

70-ке жуық жас өскін бір үйдің баласындай күн кешіп, тәрбиемен қамтылуда

\*\*\*

Ал Кентау қаласы Қарнақ ауылында жаңа ойын алаңшасы пайдалануға берілді. Ойын алаңша ауылдың белсенді кәсіпкерлері мен ауыл тұрғындарының демеушілігімен жүзеге асырылуда. Игі шараға қатысқан қала әкімі Жандос Тасов пен қалалық маслихат төрағасы Қабылан Елеусізов демеуші болған жандарға алғыс білдіріп, ауыл жастарын және тұрғындарын жаңа ойын нысанының пайдалануға берілуімен құттықтады.

Сонымен қатар, қала әкімі белсенді ауыл тұрғындарын ауылдың дамуына қосқан үлестеріне ризашылық білдіріп, алғыс хатпен марапаттады.

Ауыл ақсақалдары ақ баталарын беріп, жанашыр ауыл тұрғындарына ризашылықтарын жеткізді.



Тарихы терең Қарнақ ауылында пайдалануға берілген алаңшасы барлық стандарттарға сай, 0,5 га аймақты алады. Онда жарықшамдар орнатылып, айналасы абаттандырылған. Бір мезгіл баласымен барған ата-аналарға тыныстап демалуға арналған жайлы орындықтар қойылған. Мұндай ойын алаңшасы осымен үшінші рет ауыл балаларына табысталауда. Ауылдың белсенді тұрғындары жыл соңына дейін әлі үш алаңша табыстауды жоспарлаған. Бүгінде аталған ойын алаңшалардың құрылысы жүруде.

тиімді ұйымдастыру, дарынды және білімді балаларды ынталандыру болып табылады.

Іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Бауыржан Шомпиев және аудандық білім бөлімінің басшысы Жанат Мұсатаева арнайы қатысып, балалардың түрлі өнерімен танысып, құттықтады. Аудан әкімінің бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес,

«Play park» балалар ойын-сауық кешенінде әлеуметтік аз қамтылған және мүмкіндігі шектеулі балалар мез-мейрам болып, алаңсыз ойнады.

Мерекелік шараға келіп отырған балалардың ата-аналары осындай қолдау көрсетіп отырған аудан әкімшілігі мен демеушілерге өз алғыстарын жаудырды.

Айта кетсек, Шардара аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде есепте тұрған 50 балаға ай сайын оқу құралдарын алуға бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде аударылып тұрады. Бұдан бөлек, есепте тұрған 71 балаға балалар күніне демеушілер есебінен 568 000 теңгеге сыйлықтар үлестірілді.

Дәл сол күні Шардарада балаларға арналған аквапарк те пайдалануға берілді. Аудандық мәдениет үйінде 1-маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне орай, қаладағы мектеп оқушылары мен бөбекжай бақшасының бүлдіршіндеріне «Сақ» киностудиясының балаларға арналған «Қажымұқан», «Қошқар мен теке», «Қазығұрт» фильмдер топтамасы көрсетілді. Сондай-ақ, балаларға балмұздақ таратылып, мерекелік көңіл-күй сыйланды.

\*\*\*

Жалпы мейрам күні облысында ерекше қажеттілігі бар 200-ге жуық балаға арнайы қоржындар табысталап, мерекелік кө-

ңіл күй сыйланды. Қаладағы Райымбек Сейтметов атындағы сазды-драма театрында өткен жиынға қала әкімінің орынбасары Мекенхан Қырықбаев, қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Әлмира Бейсенова және балалар мен ата-аналары қатысты.

Игі шарада қала әкімінің орынбасары Мекенхан Қозыханұлы құттықтау тілегін арнап, жылы лебізін білдірді.

Айта кетейік, облыс халқының 38%-ы балалар, олардың 155-мыңнан астамы бақшада, 520 мыңы мектепте білім



\*\*\*

Келесте балаларды қорғау мерекесі қарсаңында Әшірәлі Кенжеев атындағы аудандық мәдениет үйінде «Даму» ерекше балаларды оңалту орталығының 5 жылдық мерейтойы атап өтілді. Салтанатты шараға Келес ауданының әкімі Жәнібек Ағыбаев арнайы қатысып, бүлдіршіндер мен олардың ата-аналарын мерекімен құттықтады.

«Даму» мүгедектер қоғамдық бірлестігі 2018 жылы маусым айында психоневрологиялық, тірек қимыл аппараты паралич, аутизм, тіл даму кедергісі диагноздары бар 30 баламен ашылып, бүгінде 60 бала оңалту қызметтерін алууда. Оның ішінде 12 бала толықтай оңалып, мектепке барды, 17 бала аяққа тұрды, 9 бала тілі шығып, нақты сұраныс жасай алады, 12 бала диагнозы жеңілдетілген сатыға ауысқан. Орталықта білікті мамандар қызмет көрсетеді.

Игі шарада қызмет алушы бүлдіршіндер және аудандағы түрлі үйірмелерде білім алатын балалар өз өнер-

